

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

3. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах – Алматы, 1995. – 248 б.
4. Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, – 250 б.

ӘӨЖ 801

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ КҮРДЕЛІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР СӨЗЖАСАМДЫҚ ТИПТЕРІ МЕН ҮЛГІЛЕРІ

Хусаинова Н. Е.

nurgul_khussainova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - С. Шоқабаева

Күрделі жер-су атауларын зерттеудің кең географиясы, объектілерді сипаттаудың әртүрлі принциптері, терминология мен теориялық тұжырымдамалардың әртүрлілігі топонимдерді этно-тарихи және лингвистикалық сипаттаудың қатаң жүйесі болмаған кезде әрдайым тиімді бола бермейді. Топонимдердің сөзжасамдық тәсілдері пікірталас тудырады. Бұл түрді зерттеу тілдің сөзжасамдық мүмкіндіктерін арнайы ғылыми зерттеу тұрғысынан жалпы теориялық лингвистика үшін өте пайдалы. Осылайша, тарихи лингвистика мен топонимикада лингвистикалық шындықтың барлық салаларын көрсететін үлкен нақты материал жинақталған. Зерттеушілер тілдің құрылымдық элементтеріне ғана назар аударатырып, топонимиканың дамуы мен жұмыс істеу заңдылықтарын табуға тырысқан дәстүрлі бағыттардың көптеген жұмыстары бар. Сонымен, номинациялардың негізінде кездейсоқ таңдалған мотивациялық белгі жатыр деп есептелді, сондықтан номинативті процестердегі заңдылықтарды іздеу нақты лингвистикалық формаларды анықтауға бағытталған. Алайда, қолда бар фактілерді түсіндірудің жаңа тәсілдері маңызды бола түсуде.

Топонимнің тарихилығы атауда көрсетілген белгіні анықтау топонимикалық жүйені құратын ұжымның әлеуметтік - тарихи даму деңгейімен анықталатындығымен байланысты. Жер-су атауларының әртүрлілігі мол болса да, іс жүзінде үлгілер жиынтығы өте шектеулі. Көптеген қайталанатын топонимдер бар екенін білеміз: алынған материалдың аумақтық шекаралары неғұрлым кең болса, соғұрлым көп қайталанады. Біртұтас мәдениет, ұқсас географиялық жағдайлар адамдардың қоршаған әлем туралы негізгі, анықтаушы белгілердегі идеялары ұқсас. Әр түрлі аумақтарда номинацияның мотиві ретінде географиялық объектінің бірдей белгісін таңдау үшін психологиялық алғышарт жасалады. Номинация кезінде қоғамдық қатынастардың төменгі деңгейінде болған адамдар берген атаулар көбінесе көрнекі және бейнелі болып табылады, ал оқиғаларды көрсететін топонимдер егіншілікке қарағанда көшпелі өмірмен көбірек байланысты. Топонимдердің пайда болуының бірінші кезеңі "прагматикалық" деп аталады, өйткені топонимия шаруашылық мақсатқа сәйкес келетін нәрсені дәйекті түрде көрсетеді. Номинацияның негізі - шаруашылық пайдалану объектісі ретінде географиялық шындық болып табылады. Осыған сәйкес ландшафт объектілері атаулар алады, атаусыз өзендер, көлдер, су қоймалары аз. Себебі ормандардың тереңдігінде, елді мекендерден алыс орналасқандары да су жолдары ретінде функционалды болады [1; 281-282].

Сөз болса да, атау болса да қоғамдағы негізгі қажеттіліктен пайда болады. Әр зат өзінің болмыстағы белгісіне не пішініне, т.б. байланысты атау алады. Сондықтан әрбір атауда өзіндік бір аталу себебі болады. Туынды сөз қандай тәсілмен жасалғанына қарамастан, «сөзжасамға қатысатын сыңарлардың мағынасы арқылы жаңа дериваттық мағына» пайда болады [3; 11]. Сөзжасамдық тәсіл болып табылатын аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі жер-су атаулары екі не одан да көп сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі және

қысқаруы арқылы жасалатыны мәлім [4, 205]. «Аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау – сөзжасамның өте көне тәсілі және ол дүние жүзіндегі түрлі системалы тілдерге кең тараған» [5; 89]. Сондықтан болар қазақ топонимдерінің көп бөлігі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған, бірақ ішіндегі ең көбісі бірігу тәсілін құрап отыр. Қазақстан топонимдерінің құрылымдық-семантикалық табиғатын зерттеген В.Н.Попова мынадай үлгілерді ұсынған еді: зат есім + зат есім (Түзкөл, Мойынөзек); сын есім + зат есім (Шолаққарасу, Жамансор, Құрсай); сан есім + зат есім (Бескепе, Екібастұз); етістік + зат есім (Қайнарбұлақ, Нарөлгенсай) т.б. [6; 30-31]. Осы мақалада Солтүстік Қазақстан облысы күрделі топонимдерінің сөзжасамдық жасалу үлгілері, типтері көрсетіледі.

Солтүстік Қазақстан облысында зат есім + зат есім үлгісі арқылы жасалған кейбір топонимдер:

1. Зат есім + «**бай**» зат есімі

Балта + *бай* (батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Новороссийское селосынан солтүстік-шығысқа қарай, Аққайың ауданы) [7, 31].

Дауыл + *бай* (батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 31].

Қабылан + *бай* (батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа қарай, Жамбыл ауданы. Антропогелионим) [7, 33].

Бұқар + *бай* (өзен, бастауы Қараоба қорғанынан оңтүстік-батысқа қарай, Есіл өзенінің оң саласы, Ертіс өзенінің сол саласы, Ғабит Мүсірепов ауданы) [7, 175].

2. «**Жан**» зат есімі + зат есім

Жан + *батыр* (батпақ, Шошқалы көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы. Антропогелионим) [7, 32].

Жан + *болат* (батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай, Мамлют ауданы. Антропогелионим) [7, 32].

Жан + *төре* (көл, Тақтакөл көлінен шығысқа, Жамбыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстікке, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы. Антрополимоним) [7, 79].

Жан + *арстан* (көл, Жаңажол ауылынан оңтүстік-батысқа, Қарақамыс ауылынан солтүстік-шығысқа қарай, Жамбыл ауданы. Антрополимоним) [7, 78].

3. Зат есім + «**көл**» зат есімі

Бөкен + *көл* (батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Баймағамбет Ізтөлі ауылынан солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 38].

Абырой + *көл* (көл, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл және Шал Ақын аудандарының шекарасында). Абырой және көл сөздерінің бірігуі негізінде жасалған атау. Абырой – араб. аб – су, руй – жүз (бет), сөзбе-сөз «судың беті». Мағынасы: «көл бетінің тұнық, таза болуы» [7, 94].

Алқа + *көл* (көл, Үлкен Қараой көлінен оңтүстік-батысқа, Қамбайсор көлінен солтүстік-шығысқа қарай, Ақжар ауданы). Араб тілі негізінде алқа – «дөңгелек» деген мәнді білдіреді. Мағынасы: «дөңгелек көл» деп нысанның пішінін білдіреді [7, 94].

Қоныс + *көл* (көл, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай, Жамбыл ауданы. Қоныс зат есімі «малды ауылдың жылда қонып жүрген жері» мағынасынан «елді мекен», «ата қоныс» семаларына дейін дамыған) [7, 110].

4. Зат есім + «**бас**» зат есімі

Ай + *бас* (төбешік, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Черкасское селосынан солтүстік-батысқа қарай, Аққайың ауданы) [7, 205].

Қора + *бас* (қыстау, Уәлиханов ауданы) [7, 205].

Күй + *бас* (қоныс, Есіл өзенінің сол жағалауында, Жаңажол ауылынан батысқа қарай, Шал Ақын ауданы) [7, 235].

5. «**Тас**» зат есімі + зат есім

Тас + *құдық* (төбешік, Сілетітеңіз көлінен батысқа, Аққұдық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай, Уәлиханов ауданы) [7, 329].

Тас + *шоқы* (таулар, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-батысқа, Аққұдық ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай, Уәлиханов ауданы) [7, 329].

Тас + *арал* (қоныс, Қыздың Қарасуы өзенінің орта ағысының сол жағасында, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Уәлиханов ауданы) [7, 329].

Сын есім + зат есім үлгісі арқылы жасалған кейбір топонимдер:

1. «**Ақ**» сын есімі + зат есім

Ақ + *бас* (батпақ, Петропавл қаласынан оңтүстік-шығысқа, Үлкен Жарма көлінен солтүстік-батысқа қарай, Қызылжар ауданы; Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Майбалық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай, Тайынша ауданы) [7, 38]. В.Н.Попова Павлодар облысының солтүстік аудандарында қыпшақтар тұрғандығын, оның бір атасы айбас-ақбас аталғанын, ал сай атының сол атаумен аталуы мүмкіндігін, олай болса, Ақбас «этнотопоним болуы мүмкін» екенін топшылайды. Ақбас деген атаудың басқа облыстарда кездесетінін ескерер болсақ, пікір жанасымды сияқты [6, 24].

Ақ + *балық* (көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстікке, Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 93].

Ақ + *қошқар* (көл, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа, Новоалександровка селосынан оңтүстік-батысқа қарай, Есіл ауданы) [7, 93].

Ақ + *су* (көл, Ұлыкөл көлінен солтүстік-шығысқа, Шұңқыркөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай, Ғабит Мүсірепов ауданы; Ақсуат көлінен оңтүстік-шығысқа, Сергеевское бөгенінен оңтүстік-батысқа қарай, Тайынша ауданы) [7, 93].

2. «**Қара**» сын есімі + зат есім

Қара + *қамыс* (батпақ, Алабота көлінен солтүстік-батысқа, Ақбас көлінен солтүстік-шығысқа қарай, Айыртау ауданы) [7, 108].

Қара + *балық* (көл, Пьянково көлінен оңтүстікке, Макарьевка селосынан солтүстік-шығысқа қарай, Жамбыл ауданы; Есіл өзенінің оң жағалауында, Петропавл қаласынан солтүстік-шығысқа қарай, Қызылжар ауданы; Горькое көлінен батысқа, Мамлютка қаласынан солтүстік-шығысқа қарай, Мамлют ауданы. Этноним) [7, 108].

Қара + *қой* (көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 109].

Қара + *мола* (жырасай, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-шығысқа, Жуантөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай, Уәлиханов ауданы) [7, 109].

Қара + *мұз* (көл, Есіл өзенінің оң жағалауында, Жаңаталап ауылынан солтүстік-шығысқа қарай, Есіл ауданы) [7, 109].

3. «**Үлкен**» сын есімі + зат есім

Үлкен + *көл* (тұзды көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 122].

Үлкен Қоскөл (ащы-тұзды көл, Саумалкөл көлінен солтүстік-шығысқа, Кіші Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай, Айыртау ауданы) [7, 122].

Үлкен Сағыр (көл, Горькое көлінен оңтүстікке, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 122].

Үлкен + *сор* (тұзды көл, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 122].

4. «**Кіші**» сын есімі + зат есім

Кіші Бүркіт (батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай, Тайынша ауданы) [7, 57].

Кіші Шабәк (батпақ, Екатериновское көлінен оңтүстік-батысқа, Ольговка селосынан солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 57].

Кіші Шошқалы (көл, Тимирязев ауданы) [7, 57].

5. «**Жаман**» сын есімі + зат есім

Жаман + *көл* (тұзды көл, Орлиная тауынан солтүстік-шығысқа, Заградовка селосынан батысқа қарай, Есіл ауданы) [7, 103].

Жаман + **тұз** (ашы-тұзды көл, Қарасор көлінен оңтүстікке, Кішкенесор көлінен батысқа қарай, Тайынша ауданы) [7, 103].

Жаман + **тұз** (тұзды көл, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-батысқа, Жақсытұз көлінен солтүстік-батысқа қарай, Уәлиханов ауданы) [7, 103].

1-ші Көлембетов (орман, Пресновка селосынан шығысқа, Железное селосынан оңтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 211], **Бес** + **ата** (қоныс, Алабота көлінен солтүстік-батысқа, Ақбас көлінен солтүстік-шығысқа қарай, Айыртау ауданы) [7, 225], **Үш** + **қара** (қоныс, Сексенбайсор көлінен солтүстік-шығысқа, Жыңғылдысор көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Тайынша ауданы) [7, 247], **Үш** + **құдық** (қоныс, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Повозочное селосынан солтүстік-батысқа қарай, Жамбыл ауданы) [7, 247], **Үш** + **қызыл** (ескі мекен, Мағжан Жұмабаев ауданы) [7, 247], **Бесінші** + **көл** (көл, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Черкасское селосынан солтүстік-батысқа қарай, Аққайың ауданы) [7, 97] секілді сан есім + зат есім үлгісімен жасалған күрделі жер-су атаулары бірең-сараң кездеседі.

Қай өнімнің топонимдерін алмасақ та, сын есім мен зат есімнің бірігуінен, тіркесуінен жасалған үлгілер мен типтер көп екенін байқаймыз. Әрбір топонимикалық жүйе белгілі бір құрылымның топонимдерімен сипатталады. Алайда, бұл немесе басқа құрылым кез-келген нақты аумақ үшін міндетті емес. Жекелеген аймақтардың топонимикалық жүйелері бір-бірінен негізінен компоненттердің арақатынасымен ерекшеленетіні белгілі. Белгілі бір аудандардағы белгілі бір компоненттердің үстемдігі әдетте тарихи заңдылықтармен түсіндіріледі. Сөзжасам жүйесі оған семантикалық аморфты негіздер емес, сөйлеудің белгілі бір сөз таптарының негіздері қатысатындығына негізделген. Бұл жалқы есімдерге де қатысты, бірақ олардың мысалында құрылымды мағынасынан алшақтатып, нақтырақ көрсетуге болады, өйткені бұл жалпы атаулардың сөзжасамына кедергі келтіретін ұғымдық-семантикалық шектеулер болып табылады. Сондықтан топонимнің құрылымын зерттеу аймақтық зерттеулердің маңызды кезеңі болып табылады. Топонимнің түбірлік элементінің дұрыс айқындау бұл топонимнің шығу тегін түсіндірмейді, өйткені сөздің дамуының қай кезеңінде топонимияға ауысқаны белгісіз болып қалады. Атаудың сөзжасамдық құрылымы оның тарихын көрсетеді, топонимнің шығу тегі туралы баяндайды.

Қорытындылай келетін болсақ, Топонимдер, сөздер ретінде, бірдей сөзжасамдық құралдарды қолдана отырып, жалпы атаулармен бірдей жолдармен қалыптасады, бірақ топонимдердің сөзжасамы апелляциялық сөзжасамнан ерекшеленеді. Топонимдердің құрылымы, сөзжасамы және семантикасы бір-бірімен байланысты болғандықтан, топоним құрудың ерекшеліктерін анықтау тілдің топонимикалық және жалпы лексикалық-семантикалық жүйесін сипаттау үшін маңызды. Күрделі топонимдер - тілдердегі ең өнімді құрылымдар. Атаудың негізгі мағынасы атаудың қоршаған фауна мен флорамен байланысын көрсететін препозитивті компонентпен анықталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2006. – 400 б.
2. Салқынбай А.Б. Қазақ тілі сөзжасамы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия ЖАҚ, 2002. – 784 б.
4. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
5. Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование) // Автореферат дисс. на соискание уч. степени доктора филол. наук. Алматы, 1997. – 62 стр.
6. Иманбердиева С.Қ., Тайшыбай З.С., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 788 бет.